**МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «А» класындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы**

**1 - апта ( 31-01 Сәуір , 2022 жыл)**

**Бекітемін:**

**Оқу ісі жөніндегі орынбасары:** **Аманшеева А.Ж**

**Тәрбиеші: Жумабекова М.Б**

**Өтпелі тақырып**: «Біз еңбекқор баламыз »

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі 31.03 | Жұма 01.04 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен кеңе кеңес, әңгімелесу.** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Баланың мектепке келгеніне қуанып тұрғанын сездіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Ата-аналармен баланың денсаулығы, үйдегі күн тәртібі, баланы тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгі жаттығу кешені № 14 | | | | |
| **Ойындар, (үстел үсті, саусақ жаттығулары** | | | | ш.с № 8 Картотека<br>Көңіл күйді танып біл | ә.с № 1 Картотека<br>Қара да, қайтала |
| **Мектеп кестесі бойынша ҰОҚ** | | | | **1.Қоршаған ортамен танысу.**<br>**Тақырыбы:** Қазақстан байлықтары мен жетістіктері.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстырады. Отан туралы білімдерін кеңейту, еліміздің қалаларымен таныстыра алады. Туған елге суйіспеншіліктерін артыру, Отан сүйгіштікке баулуға үйренеді.<br>**П.Ж ойын:** «Табиғат және адам»<br>Шарты: тәрбиеші балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін шыңдайды. Мәселен, орман, мұнай, газ, көмір табиғатта сол күйінде болады, ал үйлерді, зауыттарды, көліа құралдарын адам жасайды.<br>«Адам қандай заттарды жасаған?» - деп, мұғалім сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: (табиғат нені жаратқан?)<br>**Құрылымдалған ойын:** «Сүйікті қаламызға | **1.Өзін-өзі тану.**<br>**Тақырыбы:** Мейірімділік менің жүрегімде.<br>**ҰОҚ мақсаты:** «Мейірімділік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейтеді.<br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:**«Мен қай кезде өзімді бақытты сезінемін»<br>**Шарты**: Өз ойларын ортаға салып, қуанышты күндерін әңгімелесіп айтады.<br>**Құрлымдалған ойын:**<br>«Отбасым бақыт мекенім»<br>**Шарты:**Үстел үстіндегі суреттердің ішінен отбасының суреттерін таңдап алып, күннің айналасына жақсы сөздер айтып жапсырады.<br>**Еркін ойын**: "Менің көңіл күйім"<br>**Шарты:**Өзідерінің көңіл күйлерін сурет салу арқылы білдіріп, өз ойларымен тілек айтып бөліседі.<br>**«Екі жұлдыз бір тілек»**<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Наурыз-жыл басы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құралдарын адам жасайды.<br>«Адам қандай заттарды жасаған?» - деп, мұғалім сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды: (табиғат нені жаратқан?)<br>**Құрылымдалған ойын:** «Сүйікті қаламызға саяхат»<br>**Шарты:** қалалардың суреттерін көрсету арқылы қай қала екенін ажыратады.<br>**Еркін ойын:** **«**Не артық**?»**<br>Шарты: балалардың Қазақстанның байлықтары және жетістіктері туралы білімдерін жетілдіреді.<br>**«Екі жұлдыз бір тілек»**<br><br>**2.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Қыстаудағы ойындар.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Гимнастикалық орындық үстінде қолды жоғары көтеріп, шайбаны хоккей таяғымен кішкентай қақпадан өткізуді меңгереді.<br>**Тірек-қимыл жаттығулары**<br>Б.қ. – аяқты алшақтата иық деңгейінде қою, оң қолды аздап бүгіп, алға созу. Сол қолды оң қолдың шынтағына қойып біртіндеп<br>басып, оң қолдың шынтақ тұсын іш жағынан сол иыққа жақындату. 10–15 секунд орындалады.<br>**«Орын алмастыру»**<br>Залдың ортасына арқан тасталып, зал екіге бөлінеді. Әр топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі бойынша балалар шашырай өз алаңында жүгіріп жүреді, олар ырғи секіріп, өз-өзін айнала секіреді (қозғалыстың түрлі тәсілдерін қолданады). «Ауыс!» деген белгі берілгенде, топтар орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жеткен топ жеңеді.<br>**шайбаны таяқпен тіке алып жүру.** Таяқты имек | арқылы білдіріп, өз ойларымен тілек айтып бөліседі.<br>**«Екі жұлдыз бір тілек»**<br><br>**2.Музыка.**<br>**Тақырыбы:** Наурыз-жыл басы.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Ұлттық рәсім туралы қарапайым түсінік қалыптастырады, сыйластық сезімін тәрбиелейді.<br>**Музыка тыңдау: «Ақ сиса»** (Жаяу Мұса).<br>Ата әнді орындап болып, балаларға Мұсаның неліктен Жаяу Мұса атанғанын баяндап береді. Сол кездегі байлардың кедейлерге жасаған зорлық-зомбылығын әңгімелейді.<br>**Ән үйрену: «Наурыз – жыл басы».**<br>Әнді орындап беремін. Ата мен әжеге қосылып үйренулерін сұраймын.<br>– Әнде не туралы айтылған?<br>– ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?<br>Әннің бірінші шумағын қайырмасымен бірге үйретемін.<br>Ата мен әжеге өткен әндерді қайталап айтып береміз.<br>**Ойын: «Арқан тартыс».**<br>Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады. Қазақтың ұлттық ойыны – арқан тартуды екі командаға бөліп ойнатамын.<br>– «Міне, бүгін күн мен түн теңелді», – деп, **«Күн мен Түн»** ойынын ұсынамын.<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Тақырыбы:** Жан-жағыңа жылулық сыйла!<br>**ҰОҚ мақсаты:**<br>Қимыл әрекеттердің еркін орындалуын, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | басы мұзға толық жанасатындай етіп ұстау керек. Таяқты екі қолмен дұрыс, еркін ұстай білуге назар аудару – бір қолмен таяқты жоғарғы жақ ұшынан, екінші қолмен таяқтың одан төменірек орта тұсына қарай ұстау керек (осы қолмен шайбаны бағыттайды).<br><br>**3.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Желкенді қайық.<br>**ҰОҚ мақсаты:** Түрлі геометрияық пішіндерден зат құрап жапсырады.<br>**П.ж ойын:** «Суретпен жұмыс»<br>**Шарты:** сюжетті суретіне балалардың назарын аударады. Сурет бойынша балаларға сұрақ қояды. Қайықтың бөліктерін геометриялық пішіндермен салыстыру жұмысын жүргізеді.<br>**Қ. ойын:** «Ажырата біл»<br>**шарты:** Тақтаға әртүрлі көліктердің суреті ілінеді. Олардың ерекшелігін ажыратады.<br>**Еркін ойын: «**Желкенді қайық»<br>**Шарты:** геометриялық пішіндерден желкенді қайық құрастырады.<br><br>**4.В/К Ойлаймыз. Ойнаймыз**<br>**Тақырыбы: «Кім тапқыр?»**<br>**Мақсаты: Сандар,суреттер Сандар қатарының қасиеті жайындағы білімін пысықтай түсу.**<br>**П.ж.ойын:** «Ауыл шаруашылық өнімі»<br>**Шарты:**Сурет арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің түрлері,оларды өндіретін адамдардың еңбектері жайлы оның ішінде бидай өсірунақты түсінік беру.<br>**Құрылымдалған ойын:. «Көктемгі еңбек»**<br>**Шарты;** Бидай өсіру туралы білімдерін жетілдіре отырып суретке қарап отырып нанның дастарханға келу жолын әңгімелеп береді.<br>**Еркін ойын: «**Не жинап жүр»<br>**Шарты.** Әртүрлі іс әрекеттегі адамдардың | себетке допты аяқты бүгіп, жаза келе дәлдеп лақтыру, бастапқы қалыпқа дұрыс келе білуді үйренеді. Кең адымдап жүгіруді, гимнастикалық қабырғаға аяқты аяқтың қасына қоя отырып,қиғаштап өрмелеп,алма-кезек адымдап түсуді жалғастырады.<br>Гимнастикалық орындық үстімен ішпен жылжу.<br>Нұсқау – бойды екпінмен тік жазып, қолды бүгу, орындықты ұстағанда бас бармақ жоғарыда, қалған саусақтар орындықтың төменгі жиегінде болады<br>**«қазақша күрес» сайысы**<br>Гимнастикалық орындықта ішпен еңбектеу.<br>Нұсқау – қозғалыстарды біртіндеп ретімен орындау,<br>бойды еркін тік жазып, қолды бүге орындық жақтауларынан ұстау, бас бармақ орындық жақтауының үстіңгі жағында, қалған саусақтар төменгі жағында болады.<br><br>**4.В/К Логика әлемі**<br>**Тақырыбы: 1-5 сандары.**<br>**Мақсаты: 5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру.**<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Артық, Кем. Тең»<br>**Шарты:** Суреттегі заттарды санайды. Қанша қонжық? Қанша көжек? Қайсысы артық? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әрқайсысының өздерінің мамандықтары бар екенін айтып түсіндіру. | Қайсысы кем?<br>**Құрылымдалған ойын:** «Саусағыңмен жүргіз»<br>Цицрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте сал. 6 7 8 9 10<br>**Еркін ойын:** «Менің көршілерім»<br>**Шарты:** Үйлердің шатырын жап. Барлық үйдің шатыры жабылды ма? Олар тең болу үшін не істеу керек?<br>**«Екі жұлдыз бір тілек»** |
| **Серуен, бақылау** | | | | **Серуен № 1**<br>**Күнді бақылау** | **Серуен № 2**<br>**Қардың еруін бақылау** |
| **Баланың даму картасы** | | | | құрылыс материалдарының негізгі бөлшектерін атайды және ажыратады; | жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата алады; |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | | | | отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре білуді үйрету. | таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналату. |